

## Ынталы ауылдық округі Ынталы ауылындағы Бейбітшілік және Нұра көшелері аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Ынталы ауылдық округінің әкімінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 01 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 24 мамырда № 4770 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Ынталы ауылдық округінің әкімінің 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 01 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Ынталы ауылдық округінің әкімінің 04.01.2019 № 01 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 7-1/86 "Шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу немесе алып тастау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 10414 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Қарқаралы ауданы Ынталы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ынталы ауылдық округінің Ынталы ауылындағы Бейбітшілік және Нұра көшелері аумағында ірі қара малдары арасынан бруцеллез ауруы шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Ветеринариялық-санитариялық, сауықтыру және шектеу іс-шаралары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өткізілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ынталы ауылдық округінің әкімі*

*Ж. Кежембаев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*"Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы  
Министрлігі Ветеринариялық бақылау және  
қадағалау комитетінің Қарқаралы аудандық  
аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің  
басшысы*

*Т.Ж. Көпжасаров*

2018 жыл 18 мамыр.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК